

Виртуалды PDF принтерды орнату бойынша нұсқаулық

Келісімді PDF форматында сақтау үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

Виртуалды принтер өздігінен интерфейсін принтер драйверіне ұқсас бағдарлама болып табылады. Бұл драйвер құжатты PDF форматына өзгерту үрдісімен айналысады, оған қоса құжатты басып шығарудан кейін қандай болатынын анықтау үшін кеңінен қолданылады.

Do Pdf бағдарламасын жүктеп, компьютерде орнату қажет, ол үшін <http://www.dopdf.com/ru/> сілтемесі бойынша өтіп, бағдарламаның жүктелуін күтіп, инсталляцияны бастау қажет. Бағдарламаны компьютерге орнатыңыз. Виртуалды принтерді қосу өзгерістері күшіне енуі үшін өз компьютеріңізді қайта жүктеңіз.

Егер де Сіз бұрын соңды PDF форматқа файлдарды сақтайтын бағдарламаны орнатқан болсаңыз (Do Pdf немесе осы бағдарламаға ұқсас қамтамалар), қайтадан бағдарламаны орнатудың қажеті жоқ.

1. ЭШФ АЖ жүйесіне кіріп, виртуалды принтерде басып шығаруға қажетті Келісімді таңдау қажет. Принтер икемдемелеріне кіріп:

- Даналар санын көрсетіңіз – 1;
- Фондық сурет батырмасын таңдаңыз;
- Кітаптық түрді таңдаңыз.

2. «Басып шығару» (Печать) батырмасын басыңыз.

Бағдарлама сізден PDF файлды компьютерде қайда сақтауын сұрайды және файл толығымен сақталып болған соң автоматты түрде сіздің стандартты PDF-файлдарды қарауға арналған бағдарламаңызда ашылады.

Нәтижесінде PDF форматында жаңа файл пайда болады және де ол Сіз таңдаған файлдар каталогінде сақталады.